	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер,

		кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
	Музыка	**Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау:қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық
Топ: ««Балдырған»»
Балалардың жасы:2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:мамыр 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Денешынықтыру	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.
	Денешынықтыру	**Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
	Денешынықтыру	**Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
	Сөйлеудідамыту	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркемәдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар және т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау,

		қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды

		(құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
	Музыка	**Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау:қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Бекітемін:_____
Мектеп директоры
Сагинбаева Г.А

Келісемін:_____
Оқу ісінің меңгерушісі
Бекей .Ж

«Күншалған ауылының ЖОББМ»КММ
2023 - 2024 оқу жылына арналған
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
«Балдырған» кіші жас тобы

2023 – 2024 оқу жылы

Тексерілді

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық
Топ: «Балдырған»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері					**Жұма 01.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы, көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары **(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті).**				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу. Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
					Балабақша туралы өлең оқу. Мақсаты: балалардың балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет) Еркін әрекет - трафаретпен сурет салу. Мақсаты: трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сурет салу-

					шығармашылық қызмет)
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)					
					Үстел үсті ойыны «Кезек» ойыны Мақсаты: Қуыршақтарды кезекке тұрғызып үйрету. *(сөйлеуді дамыту-ойын, қарым-қатынас, танымдық, зерттеу).*
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА №1 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін«ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
					Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! *(сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)*

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Дене шынықтыру** **Жүру.** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; 1. Бір қатар сапқа тұр. 2. Сәлемдесу. (Нұсқауларды орындау) **«Орман аңдары»** 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.

					Күз табиғат туралы әңгімелесу, айналадағы ағаштармен таныстыру, ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*** Әр бала таңдауы бойынша күзгі жапырақтың суретін салу, мүсіндеу.***(сурет салу, мүсіндеу-шығармашылық қызмет)*** Күзгі ағашқа жапырақтарды орналастыру. Балалармен жапырақтарды жинау **(дене шынықтыру).** Жапырақтардың түстері мен пішіндерін салыстыру, **(сенсорика)** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау. Жапырақтар биін билеу. **(Музыка)**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) **«Дұрыс-бұрыс» ойыны**				

	Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен танысу.				
Серуен					**Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.** Мақсаты:Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. *(Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, әлеуметтік-қызмет)* **2.Картотека № 1 Қимылды ойын: «Шарларды жина»** **Мақсаты:**балалардың шарлардың түсін, формасын айыра білуге, ұқыптылыққа үйрету. *(ойын, қозғалыс қызметі)* **3.Еңбек:** Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату. Мақсаты: еңбекке

					баулу. *(еңбек қызметі)* **4.Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс:**Жел тынымсыз гүілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. *(коммуникативті, танымдық қызмет)* **5. Еркін ойындар**
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбардышешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз.***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті – коммуникативті, еңбек қызметі).***				
Балалардың дербес іс-әрекеті					**Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада»** **Мақсаты:** тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. ***(сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)*** **«Ғажайып бояу» эксперименттік**

					қызметі **Мақсаты:**жаңа түстерді енгізу арқылы түс туралы түсініктерді кеңейту ***(эксперименттік қызмет)***
Балалармен жеке жұмыс					**«Ойыншық туралы әңгіме»** **Мақсаты:** сүйікті ойыншық туралы қысқаша әңгіме құра білу. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)* Нияз-жапсыру, Сұлтан-жеке жұмыс Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				
					Кеңес: «Баланы мектепке дейінгі мекемеге бейімдеу» *(Алдыңғы күнгі айтылған кеңесті ата-аналарға толықтырып түсіндіру)*

Тексерілді

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық
Топ: «Балдырған»
Балалардың жасы: 2 жастағы балала
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09-08.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 04.09.2023**	**Сейсенбі 05.09.2023**	**Сәрсенбі 06.09.2023**	**Бейсенбі 07.09.2023**	**Жұма 08.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы, көтеріңкі көңіл – күймен қарсы алу. Балалар үшін қолай жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.				
	Балалармен әңгіме: «Барлығы балабақша туралы» картотека №1 Мақсаты: балаларды балабақшамен, топтармен және балабақша ғимаратындағы үй-жайлармен таныстыруды жалғастыру. Балаларға деген сүйіспеншілікті , оның қызметкерлеріне деген құрметті, олардың жұмысына құрметпен қарауға тәрбиелеу.	**Балалармен әңгіме: «Біздің сүйікті тәрбиешіміз» картотека №2** Мақсаты: балаларды тәрбиеші жұмысының қоғамдық маңыздылығымен, оның балаларға, еңбекке деген қамқорлығымен таныстыру. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Мен және достар» картотека №3** Мақсаты: балаларды достықтың жағымды белгілерін, Достардың сипаттамаларын анықтауға үйрету. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Достардың хоббиі» картотека №4** Мақсаты: балалардың әртүрлі іс-әрекеттер, хобби туралы білімдерін кеңейту. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Біздің балабақша өте жақсы-онан жақсысын таппайсыз»картотека №5** Мақсаты: балалардың балабақша туралы білімін нақтылау. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*

	«Мен - балабақша тәрбиеленушісімін» «Балабақша– менің туған үйім» түсінігін қалыптастыру. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру**				
	Картотека №1 **Үстел үсті ойыны** ***«Саңырауқұлақтар орнында»*** **Мақсаты:** балалармен негізгі түстерді бекіту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. *(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека №2** **Үстел үсті ойыны:** ***«Тышқанды жасыр»*** **Мақсаты:** балаларды ойын ережелерімен таныстыру. «мұндай емес» қағидаты бойынша түстерді табу, түсті тану және атау мүмкіндігін арттыру.*(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека №3** **Үстел үсті ойыны:** ***«Түрлі түсті моншақтар»*** Мақсаты: заттарды түсі бойынша ауыстыруды үйрену, геометриялық пішінді атау. негізгі түстерді бекіту. *(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека №4** **Үстел үсті ойыны:** ***«Матрёшкалар»*** Мақсаты: заттарды мөлшеріне қарай ажыратуға үйрету (үлкен, кіші, кішкентай), бірдей түсті заттарды табу, негізгі түстерді тану және атау. *(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека №4** **Үстел үсті ойыны:** ***«Көңілді сайқымазақ»*** Мақсаты: нысандарды форма бойынша тану және атау мүмкіндігін анықтау, қиялды, тез тапқырлықты, логикалық ойлауды дамыту. негізгі түстерді бекіту. *(сенсорика-танымдық қызмет)*
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА №2 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін«ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				

	Картотека №6 Санамақ Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. *(сенсорика – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*	**Картотека №7 «Қимылды қайтала»** **Мақсаты:** қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. **Жаттығу барысы:** Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. *(қоршаған ортамен танысу – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*	**Картотека №8 «Шынжыр»** Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаң да. *(сөйлеуді дамыту - коммуникативтік қызмет)*	**Картотека №9 « Піл»** Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. *(сенсорика – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*	**Картотека №10 «Доп»** Алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды). Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. *(сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)*
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**Дене шынықтыру Жүру.** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру		**Дене шынықтыру Жүру.**Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен,	**Музыка Музыка жетекшісінің (жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру Жүру.** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы

	(кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; **Жан-жақты дамыту жаттығулары:** 1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Б.қ.: негізгі тұрыс, текшелерді төмен түсіреміз. 1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу. 2. Б. қ. келу. 2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, текшелері кеудеде ұстау. 1.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру. 2.Қос қолдағы текшелермен оңға иілу. 3.Б.қ. келу.		жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; 1. Бір тізбекке тұру. 2. Сәлемдесу. (Нұсқауларды орындау) «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды төмен жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. Әр түсті екі текшеден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. **Жан-жақты дамыту жаттығулары:** 1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Б.қ.: негізгі тұрыс, текшелерді төмен		2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; 1. Бір қатар тұру. 2. Сәлемдесу. (Нұсқауларды орындау) Алма баққа барамыз (Бір қатармен жүру) Алма теріп аламыз (Қолды жоғары көтеріп, белге қою) Баяу, жылдам жүгіріп, (жүгіру) Ауа жұтып, дем аламыз. Мұрынмен ауа жұтып, ауызбен дем шығару, қолды екі жаққа айналдыру) Балаларға әр түсті екі шардан беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. **Жан-жақты дамыту жаттығулары: (Шарлармен)** 1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Б.қ.: тік тұру, шарды қос қолмен ұстау. 1. Қолдағы шарды алға созу. 2. Шарды оң иыққа тигізу. 3. Қолдағы шарды алға созу. 4. Шарды сол иыққа

	4.Қос қолдағы текшелермен солға иілу. 5.Б, қ,. келу. Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде. 1. Қолдағы текшелерді алға созып отыру. 2.Тұру 3.Б. қ. келу 3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б. Қ. : аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау. 1. Алға қос аяқпен секіру. 2.Артқа қос аяқпен секіру. 3.Б. қ. келу Тыныс алу: -тік тұру; -аяқ арасы иық көлеміндей алшақ; -текшелерді жоғары көтеру (ауа жұту); -қос қолдағы текшелерді үрлеу (дем шығару) Негізгі қимыл жаттығулары: 1.Допты қос қолмен ұстап, шеңберге лақтыру		түсіреміз. 1. Текшелерді жоғары көтеріп, бір-біріне соғу. 2. Б. қ. келу. 2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, текшелері кеудеде ұстау. 1.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру. 2.Қос қолдағы текшелермен оңға иілу. 3.Б.қ. келу. 4.Қос қолдағы текшелермен солға иілу. 5.Б, қ,. келу. Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде. 1. Қолдағы текшелерді алға созып отыру. 2.Тұру 3.Б. қ. келу 3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б. Қ. : аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау. 1. Алға қос аяқпен секіру. 2.Артқа қос аяқпен секіру. 3.Б. қ. келу Тыныс алу: -тік тұру;		тигізу. 5. Б. қ. келу. 2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, қол төменде. 1.Қос қолды жоғары көтеру. 2. Алға иіліп созылу. 3.Қос қолды кеуде тұсына әкелу. 4. Б. қ. келу. Б. қ.: отыру, аяқты алға созу. 1.Шарды қос қолмен жоғары көтеру. 2.Тізеге тигізу. 3.Б. қ. келу. 3. Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: 1. Шарды кеуде тұсында ұстау. 2. Алға секіру. 3. Артқа секіру. 4. Б. қ. келу Тыныс алу: - аяқ арасы алшақ, шарды қос қолмен жоғары көтеру (ауа жұту); - шарды тізеге тигізу (дем шығару). **Негізгі қимыл жаттығулар:** 1. Кедергілерден (текшелерден) аттап өту. (Арасы алшақ қойылған 3-4 текшелерден аттап өту). 2. Биіктіктен қос аяқпен

	(Белгіленген жерде тұрып, шеңберге лақтыру). 2. Доғалар астынан еңбектеп өту. (Доғаларды қозғамай өту). «Жалғызаяқ жолмен» ойыны: 1.Ойын шартымен таныстыру. 2.Балалармен бірлесе ойнау. 1.Қауіпсіздік ережесін сақтау. 2. Балалардың көңіл күйін бақылау. 3. Жаттығулар ережелерінің толық орындалуын қадағалау.		-аяқ арасы иық көлеміндей алшақ; -текшелерді жоғары көтеру (ауа жұту); -қос қолдағы текшелерді үрлеу (дем шығару) **Негізгі қимыл жаттығулары:** 1.Тартылған жіптен аттау. (биіктігі 15-20 см) 2.Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. (Бір-біріне қарап допты лақтыру, ол допты ұстап алу) **«Жалғызаяқ» ойыны.** 1.Балалрмен бірлесе ойнау. 2.Ойын шартымен таныстыру.		секіру. (5-10 см) (Ағаш кірпіштен, тақтайшадан секіру) «Таяқшадан аттап өт!» ойыны: 1. Ойын шартын түсіндіру. 2. Сұрақ – жауап. 3. Балалармен бірлесе ойнау. 1.Қолданылған заттарды жинасуға ұсыныс жасау. 2.Балалардың көңіл күйін бақылау. 3.Жаттығулар ережелерінің толық орындалуын қадағалау. 4. Қауіпсіздік ережесін сақтау.
	Ғажайып сәт: «Дымбілмес» қонаққа келеді. Балаларға өзін балабақшада қалай ұстайтынын білмейтінін айтып, балалардан үйренгісі келетінін айтады. «Тәрбиеші апайым» әңгіме ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-***	«Жиһаздар» туралы әңгімелесу, айналадағы жиһаздармен таныстыру ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*** Әр бала таңдауы бойынша жиһаздардың суретін салу, мүсіндеу.**(сурет салу, мүсіндеу-шығармашылық**	«Менің сүйікті ойыншықтарым» Ойыншықтардың түсі, пішіні, неден жасалғаны туралы әңгімелеу. «Добым, добым, домалақ» өлеңін қайталап айтқызу. ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*** Допты мүсіндеу**(мүсіндеу)**	«Қонжықты тамақтандырамыз» дидактикалық ойыны ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*** Балалардың қалауы бойынша қасықты мүсіндеу, акварель краскамен қасықтың суретін салу, түстерін атау. ***(мүсіндеу, сурет салу, сенсорика –***	«Әлди, әлди ақ бөпем» тақпақ «Қуыршақты ұйықтатамыз» ойыны ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*** Әр бала таңдауы бойынша жұмыс: суретін салу, мүсіндеу.**(сурет салу, мүсіндеу-шығармашылық қызмет)**

	коммуникативті-қызмет) Балалардың еркімен мүсіндеу ***(мүсіндеу - шығармашылық, танымдық қызмет)*** **Қимылды ойын: «Қолшатыр» Мақсаты:** балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. ***(дене шынықтыру-дене қозғалысы).*** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс «Балабақша» әнін қайталау.**(Музыка)**	**қызмет)** Жиһаздардың түстері мен пішіндерін салыстыру **(сенсорика-танымдық қызмет)** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау. «Қуыршақтар» биін билеу. **(Музыка)**	Балалармен доптарды себетке жинау **(дене шынықтыру).** Доптардың көлемін салыстыру **(сенсорика)** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау. Доптар туралы ән айту. **(Музыка)**	***шығармашылық, танымдық қызмет)*** **Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы» Ойын мақсаты:** үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. ***(дене шынықтыру-дене қозғалысы).*** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау.	**Қимылды ойын: «Жапырақты жина» (дене шынықтыру).** Жапырақтардың түстері мен пішіндерін салыстыру, **(сенсорика)** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау. Жапырақтар биін билеу. **(Музыка)**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек!				

	(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен танысу.				
Серуен	**Бақылау**: Желді бақылау. **Мақсаты**: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. *(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық-әлеуметтік қызмет)* **Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Мақсаты**:Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. *(еңбек қызметі)* **Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс:** «Жел» өлеңін қайталау.	**Бақылау:**Бұлтты бақылау **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:будақ,қабатты бұлттарды ажырату. *(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық-әлеуметтік қызмет)* **Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. *(еңбек қызметі)* **Сөйлеуді дамыту бойынша жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын	**Ауа райын бақылау** Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. *(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық-әлеуметтік қызмет)* **Еңбек:** Учаскені қоқыстан тазарту Тырнауышпен, күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру *(Еңбек қызметі)*	**Күнді бақылау** Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады). Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту. *(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық-әлеуметтік қызмет)* **Еңбек:** Гүлзардағы еңбек. Мақсаты: Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір - біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. *(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық-әлеуметтік қызмет)* **Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. *(еңбек қызметі)* **Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс:** **«Күзгі жапырақ» тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей. **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. (Құмның бетіне жапырақтың суретін салу)

	Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. *(Көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)* **Қимылды ойын**: «Айгөлек-ау, айгөлек». **Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. ***(дене белсенділігі, қозғалысы)*** **Еркін ойындар**	қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. (Құмның бетіне бұлттың суретін салу) *(Көркем әдебиет, сурет салу – коммуникативті, шығармашылық қызмет)* **Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. ***(дене белсенділігі, қозғалысы)*** **Еркін ойындар**	**Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс:** **Көркем сөз** Санай бер, Қарай бер, Бояуы – жүз, Келді күз. *(Көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)* **Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Орамалмен ойнау» *(дене белсенділігі, қозғалысы)* **Еркін ойындар**	үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. *(Еркін қызмет)* **Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс:** *Көркем сөз* «Анамыздай мейірлі күн, Аймалайды шыңда тұрып». Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық, шық! Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! *(Көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)* **Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Бұлт пен күн» Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу. (Дене белсендігі) **Еркін ойын**	*(Көркем әдебиет, сурет салу – коммуникативті, шығармашылық қызмет)* **Қимылды ойын:** «Монданақ». **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. *(дене шынықтыру-дене қозғалысы)* **Еркін ойын**
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбардышешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз.				

	- Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз.***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті – коммуникативті, еңбек қызметі).***				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Дидактикалық ойын: «Өз үйіңді тап»** Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. ***(сенсорика – танымдық, іс-әрекет)*** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Ермексаздыдұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау. Доп салуды пысықтау *(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу-шығармашылық қызмет)*	**Дидактикалық ойын: «Тез-ақырын»** Мақсаты:Балаларға тақпақтарды,жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету. Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. *(көркем әдебиет, музыка-коммуникативтік, шығармашылық қызмет)* Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер *(сенсорика – танымдық, іс-әрекет)*	**Дидактикалық ойын: «Тез ойла»** Мақсаты: 1.Балалардың заттарды салыстыру, қандай зат екенін айыру дағдыларын дамыту. *(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)* Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарау сұрақтарға жауап беруін дамыту *Көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)*	**Дидактикалық ойын: «Көп-аз»** **Мақсаты:** берілген түс бойынша заттарды табу және атау. ***(сенсорика – танымдық, іс-әрекет)*** **Балаларға арналған концерт-қолдан жасалған музыкалық аспаптарда ойнау.** **Мақсаты:** көркемдік дағдыларды дамыту. ***(музыка-шығармашылық қызмет)***	**Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада»** **Мақсаты:** тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. ***(сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)*** **«Ғажайып бояу» эксперименттік қызметі** **Мақсаты:**жаңа түстерді енгізу арқылы түс туралы түсініктерді кеңейту ***(эксперименттік қызмет)***
Балалармен жеке жұмыс	**«Бауырсақ» ертегісін тыңдау** **Мақсаты:** Балалардың	**Балаларға хормен мақал-мәтел қайталату** Жүз сомың болғанша,	**Күндізгі өлең жолдарын қайталату** «Добым, добым,	**Тілдер мерекесіндегі өлең жолдарын қайталау, таза сөйлеуге үйрету.**	**«Ойыншық туралы әңгіме»** **Мақсаты:** сүйікті ойыншық туралы

	ойлау,тыңдау, тіл байлықтарын дамыту. *(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*	Жүз досың болсын. *(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)* .	домалақ» өлеңін қайталап айтқызу. *(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті*	**Мақсаты:** артикуляциялық аппаратты дамыту. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік* қызмет)	қысқаша әңгіме құра білу. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)*
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				
	Кеңес: «Балаларға қандай ойыншықтар қажет?»	**Кеңес:** «Кіші жастағы балаларға тамақтану кезінде қалай отыруды үйрету әдістері»	**Кеңес:** «Кіші жастағы балаларға тамақтану кезінде қалай отыруды үйрету әдістері» *(Алдыңғы күнгі айтылған кеңесті ата-аналарға толықтырып түсіндіру)*	**Кеңес:**Медбикенің кеңесі «Кіші жастағы балалардыгигиеналық шараларға үйрету»	**Кеңес:** Медбикенің кеңесі«Кіші жастағы балалардыгигиеналық шараларға үйрету» *(Алдыңғы күнгі айтылған кеңесті ата-аналарға толықтырып түсіндіру)*

Тексерілді

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық
Топ: «Балдырған»
Балалардың жасы: 2
жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09-15.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу *(сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет).*				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі, баланың дамуы мен жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Балалармен әңгіме: «Біздің балабақша өте жақсы-онан жақсысын таппайсыз»картотека №5 Мақсаты: балалардың балабақша туралы білімін нақтылау. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Менің отбасым»картотека №6** **Мақсаты:** «отбасы»ұғымын енгізу. Отбасындағы туыстық қатынастар туралы алғашқы түсінік беру. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Отбасы-бұл мен!»картотека №7** **Мақсаты:** өз атыңызды, ата-анаңыздың тегі мен жасын, атын білуді бекіту. Позитивті өзін-өзі бағалауды, «Мен» бейнесін қалыптастыру. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Көше дегеніміз не?»картотека №8** **Мақсаты:** көше туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру; үйлерге, тротуарға, жүріс бөлігіне назар аудару. *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*	**Балалармен әңгіме: «Қаланы ауылдан не ерекшелендіреді?»картотека №9** **Мақсаты:** қаланың ауылдан айырмашылығы туралы қарапайым идеяларды қалыптастыру. «Менің қалам» *(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)*
Балалардың	**Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру**				

дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Картотека № 5** **Үстел үсті ойыны:** ***«Көңілді сайқымазақ»*** Мақсаты: нысандарды форма бойынша тану және атау мүмкіндігін анықтау, қиялды, тез тапқырлықты, логикалық ойлауды дамыту. негізгі түстерді бекіту. *(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека № 6** ***Үстел үсті ойыны: «Түрлі түсті лото»*** Мақсаты: шеңберді тануға және атауға үйрету. негізгі түстерді бекіту. ұсақ моториканы дамыту.*(сенсорика-танымдық қызмет))*	**Картотека №7** ***Үстел үсті ойыны: «Түстер»*** Мақсаты: негізгі түстерді ажырата білуге үйрету, суретте белгілі бір түстерді таба білу. жалпылама ұғымдарды бекіту: өсімдіктер, ойыншықтар, жануарлар. Ұсақ моториканы дамыту. *(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека № 8** **Үстел үсті ойыны: «Бұрылмалы түтіктер»** **Мақсаты:** балаларды толық дем алуға үйрету. балаларды мұрын арқылы терең деммен жұту, ауыз арқылы күшті ұзақ дем шығару. геометриялық фигураларды тану және атау. негізгі түстерді бекіту. *(сенсорика-танымдық қызмет)*	**Картотека № 9** ***Үстел үсті ойыны: «Үлкен-кіші»*** Мақсаты:қарама-қарсы өлшемдегі заттарға балалардың назарын аудару. Үлкен және кіші заттарды ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту (шеңбер, шаршы). Қызыл және сары түстер туралы білімді бекіту.*(сенсорика-танымдық қызмет)*
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА №2 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін«ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Картотека №1 «Қуыр-қуыр қуырмаш» Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қойыңа	**Картотека №2 Жыл мезгілдері** Мұз да, қар да ерісе, Өлең айтар өзендер. (мандайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ұйқы қашса қонжықтан, Көктем келді дерсің сен (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай	**Картотека №3 «Салат жасаймыз»** Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)	**Картотека №4 «Кірпі»** Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту– ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік*	**Картотека №5 «Достық»** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

	бар! Сен тұр – жылқыңа бар! Сен тұр – ешкіңе бар! Сен тұр – сиырыңа бар! Сен тұр – түйеңе бар! Ал сен аландамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. Мына жерде құрт бар, Мына жерде май бар. Мына жерде қатық бар, Қытық, қытық! *(сенсорика – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*	сипайды) Қызса қатты күн көзі, Қарлығаштар самғаса (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ыстық аптап, құрғақшылық, Жаз келгенін білдірер (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Шатырда жаңбыр ойнаса, Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды) Жер жапырақты жамылып, Күз келгенін білдірер (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды) Боран борап, жел тұрса, Айналаны қар басса, Үйлер ақ көрпеге оранса, Келді дей бер қыс ортаға (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін	Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту– ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*	*қызмет)*	Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту– ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*

		орындайды) *(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту– ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)*			
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Мәдени-гигиеналық дағдылар: Баланы жуынудың қарапайым дағдыларына, киінуге, шешінуге және түбекке сұрануға үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, бетінің, қолының, мұрнының ластығын байқауға, оларды жууға, сүртуге, дымқыл киімін шешуге үйрету. **Жүгіру – «Құстар ұшады»** тәрбиешінің артынан жүру. Қозғалыстың негізгі түрлері. Жол бойымен параллель жатқан екі арқанның		**Дене шынықтыру** Мақсаты: Құрдастарына кедергі жасамауға, ойыншықтарды алып қоймай бірге ойнауға үйрету. Допты лақтыру, домалату. Допты бір қолмен және қос қолмен ұстау; түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинау, оларды өздігінен себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты төменге, алысқа лақтыру. **«Маған жүгір» қимылды ойыны (2 рет).** Тәрбиешінің артында ақырын жүру. Тәрбиеші әр баланы қызықтыруға тырысады және	**Музыка** **Музыка жетекшісінің (жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру** **Мақсаты:** тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен және көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру. 1.Тәрбиешінің артында еркін жүру (балабақшаға алғаш келген балалардың қолдарын алып, олармен бірге жүреді). Жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.қ.: тұрып, тәрбиешіге бұрылу. Қолдарыңды көтеріп, төмен түсіру – «құстар қанаттарын сипайды» (4-6 рет). 2. Б.қ.: саусақтарыңды тізеге бірнеше рет тигізу — «құстар дәнді жинайды», түзету және қолды жоғары көтеру (4-6 рет). **Қимылды ойын: «Жүгір де, ұста!»**

	арасында (ені 35-30 см) жүру. Тәрбиеші балаларды бір-бірден шақырады, баланы қолынан алады және өтуге көмектеседі. Әр бала жаттығуды 2 рет қайталайды. **Қимылды ойын: «Қабырғалы тақтайдан өт» Ойын мақсаты:** балалардың денелерін тік ұстауын, тепе-теңдікті сақтауын, дұрыс дем алуын дамыту.		балабақшаға жаңадан келген балаларды жігерлендіретін жаттығуды орындауға шақырады. Бірақ егер бала бас тартса, оны бақылайды. **Қимылды ойын: «Кім түсіреді?» Ойын мақсаты:** балаларды ептілікке, дәлдікке, доппен ойнай білуге үйрету.		**Ойын мақсаты:** балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.
	Е.Ашықбаевтың «Балабақша» Өлеңі Мақсаты: Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау,тақпақтардың интонациясын қабылдауды,кейіпкерлердің пайда болуын, олардың	**«Менің отбасым» Суретпен жұмыс** Мақсаты: отбасы туралы мәлімет беру. Әңгімелеуге үйрету, «Тәрбиеші апайым» әңгіме ***(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті-қызмет)*** Балалардың еркімен мүсіндеу ***(мүсіндеу - шығармашылық, танымдық қызмет)*** **Қимылды ойын: «Қолшатыр»**	**«Отбасындағы менің орным» әңгіме** Кішкентайы — мен үшін Тағат, байыз таппайтын, Не жемесін, не ішсін, Менсіз тағам татпайтын. Шомылдырып кешкісін, Мен жатпасам, жатпайтын — Анам менің қандай-ды! *(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-*	**«Мен тұратын көше» Суретпен жұмыс** Мақсаты: балаларды өзі тұратын көшесін атай білуге үйрету. **«Сиқырлы сөмке» ойыны.** (Сөмкені алып, оны ауыр деп санайды.) Бәрі қолын сөмкеге салып, онда не жатқанын біледі. Балалар кезекпен кішкентай ойыншық машиналарын шығарады. Тәрбиеші: көлік жүруі үшін не салу керек? Балалар: жол. Фланелеграфтіңкенебін қолдану арқылы	**«Қала және ауыл» Суретпен жұмыс** Мақсаты: Туған ел туралы алғашқы түсінік беру (туған қаланың, ауылдың, кенттің атаулары). Балаларды қайда тұратындығы туралы айтуға шақыру. Қаланы ауылдан ажыратуға үйрету. **Дидактикалық ойын: «Айығын тап» Мақсаты:** қала мен ауылдың айырмашылықтарын атау.

